


Мұхаммед (F.C.) Алланың Елшісі. Онымен бірге болғандар, көпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді. Оларды рұқұғда, сәждеде көресін. Олар Алладан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да сипаттараты, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрган егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілердің таңырқатып, онымен көпірлердің ызаландыру үшін. Алла, олардан

иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті. (29)


49-ХҮЖРАТ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Он сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Эй мұміндер! Алладан әрі Елшісінен ілгері кетпендер. Және Алладан қорқындар. Шұбесіз Алла, аса естуші, толық білуші. (1) Эй мұміндер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысының үстінен кетермендер. Өзара бір - біріңе дауыстағандай Пайғамбарға дабырлап сөйлеспендер. Фамалдарың жойылып, аңғармай қаласындар. (2) Шынында Пайғамбардың жаңында дауыстарын бәсендеткендер, міне солар, Алла жүректерін тақуалық үшін сынагандар. Оларға жарылқау әрі зор сыйлық бар. (3) (Мұхаммед F.C.) расында саған хұжыралардың арт жағынан айғайлағандардың көбі түсінбегендер. (4)

(Мұхаммед F.C.) егер сен оларға шыққанға дейін олар сабыр етсе, әрине өздеріне жақсы болар еді. Алла аса жарылқауыш, ерекше мейірімді. (5) Эй мұміндер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Эйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіндер. (6) Арапалыңда Алланың Елшісі барлығын біліндер. Егер ол, істің көбінде сендерге бағынса еді, әрине қыншылықта үшыrap едіндер. Бірақ Алла, сендерге иманды жақсы көрсетіп, оны жүректеріңде зейнетtedі. Сондай-ақ сендерге; қарсылықты, бұзақылықты және бас тартуды жек көрсетті. Міне солар тура жолдағылар. (7) Бұл Алладан кеңшілік, және нығмет. Алла толық білуші, хикмет иесі. (8) Егер мұміндерден екі топ соғысса, дереу арапалың жарастырындар; мтбада екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысындар. Егер қайтса, арапалың әділдік пең жарастырындар, туралық істендер. Расында Алла туралық істеушілерді жақсы көреді. (9) Шын мәнінде



мұміндер туыс қой. Сондықтан екі тұыстарыңың арасын жарастырындар. Және Алладан қорқындар. Мүнікін игілікке бөлөнерсіндер. (10) Эй мұміндер! Бір ел, бір елді тәлек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шыгар. Сондай-ақ әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шыгар. Бір-бірінді міндеңдер, жаман ат тағыспандар. Иман келтіргеннен кейін сұркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар. (11)



Эй мұміндер! Күмәнның көбінен сақтанаңдар. Өйткені, күмәнның кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді-біреу ғайбаттасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Эрине оны жек көресіңдер. Расында Алла тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді. (12) Эй адам баласы! Шұбәсyz сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді танууларың үшін сендерді үлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың

қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы. (13) Бәдеуилер: "Иман келтірдік" деді. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда: "Мұсылман болдық" деңдер. Өйткені, иман жүректеріңе кірмеді. Егер Аллаға, Пайғамбарға бағынсаңдар, ғамалдарыңдан еш нәрсе кемітпейді. Шұбәсyz Алла, аса жарылқашуы, тым мейірімді" де. (14) Шын мәнінде сондай Аллаға, Елшісіне иман келтірген мұміндер, сосын құдіктенбей; Алла жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар, шыншылдар. (15) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Аллаға діндеріңді үйретесіңдер мे? Негізінде Алла, көктердегі әрі жердегі нәрселерді біледі. Сондай-ақ Алла әр нәрсені толық білуші" де. (16) (Мұхаммед F.C.) олар саған Мұсылман болғандықтарына бұлданады. Оларға: "Мұсылман болғандарыңа маған міндесімендер. Керісінше, егер шыншыл болсаңдар, сендерді иманға көндіктіргендігі үшін сендерге Алла, міндесиді" де. (17) Расында Алла, көктер мен жердегі құпияны біледі. Сондай-ақ істегендерінді толық көруші. (18)